

ӘОЖ 7.072.2: [378]

Л.Р.Золотарева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

«Абай тақырыбын» бейнелеу шығармашылығында пайымдау

Мақалада Қазақстанның Сарыарқа даласындағы суретшілердің бейнелеу өнері шығармашылығы мысалында «Абай тақырыбын» терең түйсіну қарастырылды. Графикалық сурет өнерінің туындылары келесі түрде жүйеге келтірілді: Абай Құнанбаев туралы иллюстрациялық кітаптар, Абай шығармашылығының үлгісі бойынша, Абай өмірінен қойылымдар, портреттік және жанрлық суреттер. Теориялық-өнертанушылық қағидалар Е. М. Сидоркинның (М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясына иллюстрация), И. Исабаевтың («Абай» сериясы), К. Ходжиковтың, А. Рахмановтың, К. Каметовтың және тағы басқалардың графикалық шығармашылығының үлгілері бойынша дәйектелді. Ә. Қастеевтің, А. Ғалимбаеваның, Р. Есіркеевтің, С. Қалмахановтың, А. Осипенконың, М. Әлиақпаровтың және тағы басқалардың сурет өнерлерінде Абай образы жан-жақты жасалған.

Кілтті сөздер: бейнелеу өнері, Абай шығармашылығы, ұлттық мәдениет, Абай өмірінен қойылымдар, Абай образы, Абай бейнесі, кескіндеме, жеке тұлға, даму жолдары, графикалық шығармалар.

Абай Құнанбаев — Қазақстанның ұлттық мәдениетінің даму жолындағы данышпаны мен кеменгері.

*Мен тұрмыс жолымен жүрдім,
Мен надандармен күрестім
Міне, мен шыңға шықтым...*

Ақын, ағартушы және философ Абайдың тағдыры маңызды да, ерекше. Абай бейнесі, оның өмірі мен шығармашылығы көптеген қазақстандық өнер қайраткерлерінің шығармаларының тақырыбына айналды. Олар оның бейнесін үлкен шабытпен кескіндеме, графика және мүсін өнерінде жасай білді. Бұл жолда жұмыс істеу өте қиын, өйткені бұл суреттердің өзі жоқ. Сондықтан ұлы адамның бейнесін қайта жасап жаңғырту — бұл Абайды өзіндік танымын көрсете білу.

Кескіндеме мен графикалық шығармаларды келесі ретте жүйелеуге болады: Абай Құнанбаев туралы суреттер, Абай шығармаларының мотиві бойынша суреттер, Абай өмірінің көрінісі, портреттері мен жанрлық шығармалары.

Жаңа мен ескінің қарама-қарсылығы айтарлықтай анық болған кезде, тамаша жары Әйгерім Абай бейітінің басында өзінің жоқтау жырын айтып жылаған кезде, 1904 жылы Абай мәңгілік о дүниелік болды.

Мұхтар Әуезов ол кезде жеті жаста еді, жаңа ғана өзін қоршаған ортаны танып-біліп келе жатқан кезі еді. Ең бастысы, болашақ жазушы зарығу мен қайғы ауыртпашылығының астында сөне бастаған Абайды көзі тірі кезінде көріп үлгерді. Ал жиырмадан астам жылдан кейін қиялы Абайдың жеке тұлғасы мен тағдырын жаулап алған суретші — Евгений Матвеевич Сидоркин пайда болды, ол «Абай жолы» роман-эпопеясының суретшісі болды, ол графикалық өнер шығармасын романның мазмұны бойынша ғана емес, сонымен қатар оның көркем бейнесіне де жақын етіп көрсете білді. Романның атмосферасына, патриархалды-рулық Қазақстанның халықтық өміріне арналған бірінші кітабының ең үздік тысы жарық көрді. Оқырманның алдынан парақтың бетін жаба адамдар легі «өтеді». Е.М.Сидоркиннің түсінігі бойынша, кітаптың тысында кітаптың негізгі мазмұны көрініс табу керек. Ол оның «рухын, көңіл-күйін» көрсете білу тиіс, сондықтан ол ешқандай нақты кейіпкерді

суреттемейді. Оқырман кітаптың кейіпкерінің портреттерін танымау керек. Бұл адамдар — жазушы әңгімелейтін қазақ халқының, тарихи дәуірдің бір бөлігі.

Суретші жиырма үш бет сурет және үздік тыстың төрт парағын литография техникасында жасап шығарды. Талас туғызбайтын шығармашылық табыстарына «Құнанбай», «Тәкежан», «Жұт», «Әйелдер бейнесі», «Қалыңдық», «Әуен», «Бейіт басында» парақтарын атауға болады. Суретшінің Абайдың өзін ғана бейнелейтін (бірінші кітабының 2-бөлігіне жасаған бірінші суреті) суреті де қызық. Абайдың ойланып, өлең шығарып отырған кезі суреттелген. Қылқалам шеберінің ақынды осылай бейнелеуі пластикалық тәсілдер арқылы мүмкін болды: көрермен отырған Абайдың кескінін түсінеді; ойшылдың қаламұш ұстап отырған қолының шамалы көтеріліп тұру ишарасының өзі тартымды. «Түн сөзсіз өтті. Тек таң атып қалған кезде ғана Абай өзінің шаршағанын сезбестен шамалы жатты. Біраздан кейін ол ашық жатқан кітаптарға толы өз үстеліне қайта оралды...».

Әрбір сурет үшін Е.Сидоркин шығарманың сюжеттік негізіне сүйене отырып, жеке композициялық шешім таба білді. Бейненің реалистігіне қарапайым, күш-қуатқа толы және нысанының эмоционалдық мәнерлілігінің көмегімен қол жеткізген.

Суреттер, үлкен кенептің фрагменті сияқты, оқиғаның мөлшерінің үлкендігімен, оған қатысатын адамдар санының көптігімен жалпы бейнесін ашады. Сидоркиннің автолитографиясы роман сияқты халықтық эпопея деп аталуы мүмкін; олар қазақ өнері мен әдебиетінің тарихына қосылған құнды үлес болып табылады [1].

Е.Сидоркиннің жұмыстарына үндесті деп Исатай Исабаевтың «Мұхтар Әуезов» линогравюрасын атауға болады. Шығарманың композициясының өзіндік ерекшелігі бар: ортасында өз халқының тағдыры туралы ойлап отырған бейнедегі, қолында кітабы бар жазушы отыр. Оның айналасында «Абай жолы» эпопеясынан алынған әр түрлі сюжеттер берілген, Абайдың жастық шағы мен үйленуі; өзінің шәкірттеріне ақыл беріп отырған Абай бейнесі.

Графикалық шығармалардың көпшілігі Абай шығармасының мотиві бойынша жасалған. Олардың ішінде — Абайдың өлеңдер жинағына жасалған Құлахмет Ходжиковтың суреттері; «Жаз» деп аталатын станокты үлгіде жасалған Әділ Рахмановтың суреті де бар. Ә.Рахмановтың шығармалары бейнелерді жалпылай көрсетуі мен қомақтылығымен ерекшеленеді. Суретші қазақ халқының жазғы жайлаудағы өмірін: қуанышты уақытын, бақытын, жаз жылылығы мен өмірге деген махаббатын көрсете білді. Бұл әлемді сезе білу қабілетін Ә.Рахманов өзінің жұмысында сомдаған, осындай көңіл-күй Абайдың «Жаз», «Жайлау» өлеңдерінде де көрініс тапқан.

Абай шығармаларының мотиві бойынша офорта және линогравюра техникасында орындалған И.Исабаевтың жұмыстарының бірқатарын атауға болады. «Абай» офорты өте тамаша («Абай» сериясынан парақ, 1976.). Суретші Абай бейнесін халықпен, жермен, табиғатпен байланыстыра отыра, суреттейді. Екі бөліктен тұратын композицияны біріктіріп тұратын орталығы болып екі атаны білдіретін идол саналады. Суретші ата-бабалардың данышпандығын, жер мен халықтық дәстүрлерді тани білетін Абайды суреттегісі келгендігі көрінеді.

Пластикалық аяқталдығымен Абай Құнанбаевтың «Бүркітпен түлкі аулауға шыққанда» тақырыбындағы өлеңінің желісімен жасалған В.А.Григорьеваның суретін атауға болады. Үш негізгі бейнені: салт атты, бүркіт, түлкіні бір етіп көрсетеді. Ішкі кеңістігі энергиялық штрих құралдарымен, зигзаг тәрізді, түзу беріледі. Барлық композиция қара және ақ дақтардың анық ара қатынасында және дала кеңдігін, қозғалыс энергиясы мен нысанының динамикасының негізінде құрылады.

Қадырбек Каметовтың графика жұмысында («Абай өлеңдерінің мотивімен» сериясынан, 1986) жастық шақ, сұлулық пен бақыт көрсетілген. Ол еркін және тамаша түрде жасалған.

Аталған маңызды тақырыптан қарағандылық суретшілер де құр алақан емес, Абай портретін жасаған В.Н.Малькевич пен Т.А.Кеңесбаевты да атауға болады.

Кескіндемеде Абай бейнесін алғаш болып жасаған Әбілхан Қастеев болды. 1945 жылы қолында кітап ұстап тұрған жас Абайдың портретін жасайды. Портрет жасыл түспен орындалған. Портреттің бейнелі нандыарлығы өзінің маңызын қазір де жоғалтқан жоқ. Суретші оның мақсатқа тырысушылығын, руханилығын, білім алуға деген тартылысын суреттеп көрсете білді. А.Қастеевтің жанрлық шығармаларының айрықша ерекшелігіне адамның қоршаған ортамен, пейзажбен байланысын атауға болады. Осылайша «Киіз үй жанындағы Абай» суретінде Абай Құнанбаев келесі сипатта бейнеленген: туған ауылының, ұшы-қиыры жоқ қазақ даласының бауырында А.С.Пушкиннің — өзінің ең сенімді досының томын ұстаған Абай бейнесі. 1889 жылы Абай «Евгений Онегин» шығармасының бірнеше үзіндісін қазақ тіліне аударған. Әдебиеттанушылардың айтуынша, ол әдеби

мәтінді аудару барысында болған қиындықтарды шеберлікпен жеңе білген, өзінің көркем бейнесін батылдықпен жасай алған.

Сонымен қатар Абай тақырыбына Айша Ғалымбаева да жол салған. А.Ғалымбаеваның кинематографиялық Бүкілодақтық мемлекеттік институтты аяқтау кезінде жасаған дипломдық жұмысын атауға болады. Бұл М.Әуезовтың «Абай әндері» (1949) киносценарийіне жасалған костюмдер мен раскадровкалардың эскиз-декорациялары. Кинофильмге жасалған материалдарды оқу үшін Ғалымбаева мұражайда жұмыс істеді, Абай өмір сүрген жерлерге этюдтерге барды, суреттер салды. Аяқталған декорация эскиздерінің көпшілігі станоктық шығармалар ретінде танылды. Жеке сахналардың көптеген нұсқаларында қазақ ауылының өмірінен алынған әр түрлі эпизодтар мен пейзаждар кездеседі. Бұл жерде балалық шақтың әсері — дала кеңістігі, көшпенділердің шуы мен ығы-жығы болуы, айтыстар, нәзік қыздар мен күшті жігіттердің бейнелері. Сонымен қатар болашақ фильмнің сюжеттік арқауына драмалық жағдайлар да қоса өрілді: «Жазалау» — Абайдың сүйікті оқушысы Айдар мен оның сүйіктісі Ажар шарифат заңын бұзды, сол үшін ол екеуі аяусыз жазаланды.

А.Ғалымбаева Абайдың өз өмірінен де көрініс көрсетеді, олар: «Қорғанда», «Абай далада», «Абай киіз үйде» шығармалары. Суретші Абайға тән орта мен тұрмыстың ерекшеліктерін және жалпы XIX ғасырдың соңында қазақтардың өміріне тән жағдайды сүйіспеншілікпен, әсірелемей жеткізе білді.

Дипломдық жұмыс экранда іске аспаса да, Абай бейнесі Айша Ғалымбаеваны ұзақ уақытқа қызықтырды. Киносценарийдің жұмысын аяқтағаннан кейін, ол «Абай портреті» (1949), содан кейінгі жылдары «Жұмыс істеп отырған Абай» (1960) суреттерін салды, қазіргі уақытта олар МКАТ мұражайында сақталуда. 1966–1967 жылдары А.Ғалымбаева тағы да он үлкен станоктық парақтағы сюжеттерін «Абай әндері» кинофильмінің негізінде жасады, ол суреттер: «Билер соты», «Той кеші», «Айдардың өлімі», «Айтыс», «Кездесу» және т.б. Парақтар сәнділігімен, көркем компоненттердің мәнерлілігімен, берілген сезімнің эпостығымен және өмірді гүлдендіретін интонациясымен ерекшеленеді.

Абай шығармашылығы, оның жеке тұлғалығы Сарыарқа суретшілерін әрқашанда қызықтырған. Олардың пайымдауында осы «жұмбақ адам», «өз халқының маяғын» қалай бейнелейді? Суретшілер оны бірде биіктетіп, кейде ойланып отырған ұстамды етіп, кейде терең ойланып отырған адам ретінде бейнелейді, олар оны көбінесе дала фонында суреттейді, осы арқылы олар оның туып-өскен жерімен, отанымен бірге суреттейді, себебі бұл оның өмірі мен шығармашылығының бір бөлігі болып табылатын. Абай бейнесін өз шығармашылығында сипаттаған Райымқұл Есіркеев, Сейітмахан Қалмаханов, Андрей Осипенко сияқты жасы үлкен кескіндеме шеберлерін де атап өтуге болады.

Қазақтың ағартушы және ақынына арналған шығармаларының бірі ретінде Райымқұл Есіркеевтің (1921–1980) кенебін айтуға болады. Есіркеевтің өнеріндегі басты жанр — композициялық портрет, онда қоршаған орта, кейіпкер суреттеліп, адам туралы әңгіме толықтырылады. Р.Есіркеев өз жерінің адамдары туралы қарапайым және сыпайылықпен айтады. Есіркеев Абайдың жалпыланған, асқақтатылған бейнесін көрсетеді (1968). Ол Абайды қолына кітап ұстаған, иығына бешпет жамылған күйінде және туған жерінің таулары мен даласының негізінде бейнелейді. Абайдың бүлікші жанын ашуға, мазасыз және қарқынды уақыттың атмосферасын жеткізуге тырысқан Есіркеев суретке қозғалыс сезімін — ерікті жел киімді желбірететіндігін, шашын қозғалтатындығын, бетегесін қозғалтатындығын енгізу арқылы жол салғандай. Кең, сенімді жағу арқылы, біркелкі түспен жазылған портрет Абай бейнесінің сенімділігін білдіреді.

Абай бейнесін өз бетінше өз шығармашылығында суретші «Сейітмахан Қалмаханов та портреттер сериясында пайымдады. Абайдың үш портреттік бейнесі өмір жолы кезеңдерін: жастық шағы, ер жеткен кезі және данышпандық кезін өз бетінше кейіптеп кескіндеген.

С.Қалмаханов Абайды жасөспірім ретінде («Ибраһим», 1994) көрсетеді; жас Абайдың өмір беттерін, оның медреседен кеткен кезін, орыстың приход мектебіне түскен және өзіндік білім алу үшін көп кітаптар оқумен айналысқан кездерін суреттейді. Портретте нақтылық пен символика табысты түрде үйлеседі. Ибраһим жазып отырған күйінде, жағымды жағдайда, жарыққа ұмтылып, шоғырланған күйінде суреттелген. Суретші бірнеше атрибуттарды енгізеді, бірақ олар көп сөйлейді: үстелде — кітаптар. Жазып отырған Ибраһим — болашақ ойшыл, қабырғадағы домбыра болашақ композитор туралы айтып тұрғандай.

С.Қалмахановқа Абайдың өмірінің соңғы он жылында жазылған «Абайдың қара сөздері» көп әсер етеді. «Қара сөздері» өмір заңдарын танып-білген ойшылдың өсиеттерін көрсетеді; ол ғылым, білім және мәдениеттің маңызы туралы жазады. Содан кейінгі «Абай» портретінде (1994) суретші

оны Ұлы даланың көрнекті қайраткері, жетілген, дана және шешім қабылдай алатын, өз поэзиясының күшін түсінген, өз халқының өміріндегі ағартушылықтың ұлы рөлін түсінген тұлға ретінде суреттейді. Масштабының үлкейтілгендігінің арқасында кейіпкер композицияда көрерменге жақындатылған; мөлшері мен түсінің асықпай ырғақты орналасуы бейнеге сенімді тыныштықты бергендей болады. Колорит екі қосымша түстің — шие түсі мен жасыл түстің қарама-қарсы қойылуына негізделген. Бірақ та суретші осы екі түстің үндесуіне қолжеткізеді. Шие түсінің жасыл түске қатысы тіпті айқын сияқты емес, түстердің қарсыластығы халаттың алтын түсімен жұмсартылған. Жейденің ақ түсі даналықты және ой тазалығын көрсетеді. Осыған орай портретте қосымша бөлшектер жоқ — көрерменнің бар зейіні Абай келбетіне ауады.

Суретшінің «Абай» тақырыбындағы үшінші жұмысы да жасалды (1994). Абай жас емес, тіпті кәрі, қолында өзінің «Қара сөздері» жазылған кітабын ұстап тұр; ол өз өсиеттерін айтып жеткізіп тұрған тәрізді, білімнің маңызы туралы айтып тұрғандай, сонымен қатар бұл суретте осы жолда кездесетін қиындықтар мен тыйымдар туралы мезгелгендей әсер аласың. Суретші Абайды аспан фонында суреттеген, ол ойшыл ойының ұлылығын, оның отанмен үнемі болатын байланысын көрсетеді. Мәнерлі түстік шешім, портреттің анық композициялық шешімі бейне сипатының аяқталғандық сезіміне жағдай жасайды.

Андрей Осипенко Абайдың басқа да көркем бейнесін жасай алды. Суретшінің қайраткерлік темпераменті шығармашылықпен көрсетіледі. Суретшіге өнердегі пайымдау тән; адамды драмалық жағдайдан тыс жерде суреттеу ол үшін құптауға лайықты емес. Кескіндемеші өмір қиындығын метафора арқылы көрсетеді; оның ең үздік шығармаларына метафоралық, қарым-қатынастың тереңдігі, ақындық мәнерлілік тән. Маңызды құбылыс — Абайды нақты көрсететін триптих: «Ақын» — «Ағартушы» — «Ойшыл» (1995). Суреттер суретшіге тән философиялық әлемді сезіне білу сезімдерімен өткір. Суреттердің ойы тік берілмейді, ал ассоциациялық салыстыру, ойластыру үрдісінде беріледі; суретші қабылдау үрдісін өзі болжайды. Ойды анықтау үшін триптих формасы тандап алынған. Оның әрбір бөлігі ақын, ағартушы және ойшыл Абай сезімдерінің байлығын көрсетеді. Суреттегі кез келген бөлшек, олардың өзара байланысы, түстік шешімінің символдық дыбыстауға ие болады. Жұмыс экспрессивті үлгіде жазылған; қараның кең кескіндік салмағы, сары түстің интенсивтілігі, өшірілген қызыл түстің өшірілген дақтары, өзінің ырғағымен суреттің түстік пластикасын біріктіреді, осы кенеп арқылы қауыртылық көңіл-күйін енгізеді, шығармашылық стихиясын («Ақын»), белсенді ағартушылық қызметті («Ағартушы»), ой тереңдігі мен күшін («Ойшыл») береді. Түстің еркін өмірін сезіну, динамикалық, әртістік хат, нысанының ырғақтығы — осы шығарманы ерекшелендіретін сапа.

Триптихтің түстік ырғақтығы — күшті және қарама-қарсы, Абайдың титаникалық әдеби және қоғамдық қызметіндегі «алып қадамдарын» санада оятады. Ақын Абайдың ақындық шығармашылығында қазақ даласы өзінің ұлылығы мен жапа шегуі, жарық және түнекті бояуымен көрсетіледі. Абайды дала табиғаты (жыл мезгілдеріне қатысты өлеңдері), қарама-қайшылық пен қарсылыққа толы туған даласының адамдарының өмірі қызықтырады. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», — деп жазды Абай. Абай поэзияның «көзі ашық, көкірегі ояу» адамдарға ғана тән екендігін, өлеңге «жүрегімен қуанатын» «сөзді бағалай білетін» адамдарға ғана тән екендігін түсінеді.

Сөз қарны тоқ ақымалы қызықтырмайды.

Даналықты көкірегі ашық адамдар ғана көре алады.

Шығармашылық, өнегелелік және мәдениет — Абай үшін ажырамас дүние.

Мақаш Әлиақпаровтың «Бақытқа жетер сатылар» тақырыбындағы күнделіктеріндегі ретроспективті жазбаларына көз жүгіртейік: «Уақыт өте берді, ал мен болсам Абайдың туылғанына 150 жылдық мерейтойының қалай жақындап қалғанын байқамай да қалдым. Барлық ел болып ұлы ақынның мерейтойына дайындалып жатқанда менің оған қатыспай қалыс қалғаным дұрыс болмас деген ой келді. Өз ерік-күшімді жинап мен іске кірістім... Міне, Қарағанды қаласында 1994 жылдың көктемінде жасалған көрменің бар құпиясы осы болды. Сол жылы өзімнің жеке қорымның негізінде «Абай жерлерінде» тақырыбында буклет-каталог дайындадым, онда Абай дүниеге келген жерлер, қыстау мен оның жерленген жерлері туралы, сонымен қатар басқа да тарихи құндылығы бар жерлердің суреттері жиналды. Бұдан басқа, кескіндеме бойынша республикалық және облыстық көрмелерге қатыстым; 1995 жылдың сәуірінде Қазақстанның Ресейдегі елшісі Таир Мансуровтың шақыруымен Мәскеуде менің көрмем ашылды. Осы жылдың 8–9 тамызында Үкімет Үйінің отырыс

залында Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған менің шығармаларымның үлкен көрмесі ұйымдастырылды. Оның ұйымдастырушылары — Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, Мәдениет министрлігі мен ҚР Суретшілер одағы. Менің суреттерімді ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор, белгілі жазушы Шыңғыс Айтматов, Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов және тағы басқа адамдардың жоғары бағалағандығын есту мен үшін үлкен бақыт болды.

С.Оразалиновтың «Абай жері» кітабы және ЮНЕСКО-ның қолдауымен шыққан «Абай. Өмір. Уақыт. Өнер» альбомында менің Абайға арналған бірқатар суреттерім көшірмеленді. Италияда Миланда менің Абайға арналған көрмем өтті, осыған байланысты «Мақаш Әлиақпаров» кітапшасы жарыққа шықты.

1995 жылы мен өзімнің бірқатар шығармаларымды Шәкәрім бейнесіне арнадым. Бұл «Жауап алу», «Елім-ай», «Шәкәрімді қайта жерлеу», «Құлагер», «Ұмытылған», «Өрмекші», «Ұрпақтарға қалдырылған портрет» және тағы басқа көптеген графикалық шығармалар.

Мен өзімді бақытты сезінемін. Оған дәлел — Абай деп аталған шексіз мұхитқа түскен тәрізді болған менің жұмыстарым. Мен менің бояу жаққышыма қанат бітірген және шабыт берген туған жеріме және туған еліме үнемі шексіз риза боламын!» [2].

Қазақстанның кескіндемешілерінің шығармаларында Абай «жас жүректерді құлшынысқа шақыратын», өз халқының трагедиясы мен сенімімен өмір сүретін ақын-ойшыл, философ, гуманист-ағартушы ретінде көрсетіледі.

*Жас жүректерді құлшынысқа шақырамын,
Мен адамшылықты ең басына қоямын...*

Қазіргі уақытта «Абай тақырыбын» қайта жандандыру жолында жаңа ойлар туындауда, оның көп қырлы бейнесі суретшілерге оның адамзаттық тағдырының тұңғығы мен биіктігін зерттеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Золотарева Л.Р. Қазақстан өнерінің тарихы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2000. — 202-б., сур.
- 2 Әлиақпаров М.Т. Жанасу: Альбом. — Калининград: ГИПП «Янтар.сказ» баспасы, 1997. — 52, 53-б.

Л.Р.Золотарева

Осмысление «темы Абая» в изобразительном творчестве

В статье показано осмысление «темы Абая» в изобразительном творчестве художников Казахстана, Сарыарки. Живописные графические произведения систематизированы следующим образом: иллюстрации к книгам об Абае Кунанбаеве, по мотивам произведений Абая, сцены из жизни Абая, портреты и жанровые картины. Теоретико-искусствоведческие положения аргументируются на примере графического творчества Е.М.Сидоркина (иллюстрации к роману-эпосе М.Ауэзова «Путь Абая»), И.Исабаева (серия «Абай»), К.Ходжилова, А.Рахманова, К.Каметова и других. Воссоздан многогранный образ Абая в живописи А.Кастеева, А.Галимбаевой, Р.Есиркеева, С.Калмаханова, А.Осипенко, М.Алиякпарова и других художников.

The article represents «Theme of Abai» in art of Kazakhstan artists, Saryarka. Pictorial graphic works are systematized in the following way: illustrations on books about Abai Kunanbaev, motives of Abai's works of literature, scenes of Abai's life, portrait and genre-painting pictures. Theoretical and artistic propositions are argued on the example of graphic creative works by E.Sidorkin (illustrations of the epic novel «The Path of Abai» by M.Auesov), I.Isabaev (series «Abai»), K.Khodzhikov, A.Rachmanov, K.Kametov, etc. Recreated many-sided image of Abai in art of A.Kasteyev, A. Galimbaeva, R.Esirkeev, S.Kalmakhanov, A.Osipenko, M.Aliyakov, etc.